

¹Ижанов Ж. ^a, ²Ахмет Л.С., ³Исаев А.И., ⁴Рахымжанов А.,
⁴Баймуханбетов Б. ^b

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

³Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

⁴Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ФУТБОЛ ОЙНАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ (МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Ижанов Жомарт, Ахмет Лаура Сматуллақызы, Исаев Абдинабі Исаұлы, Рахымжанов Алпамыс,
Баймуханбетов Бағдат

Футбол ойнау дағдыларын қалыптастыру әдістемесі (мектеп оқушылары материалдары негізінде)

Аңдатпа. Аталған мақала орта мектеп оқушыларында футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдерді теориялық тұрғыдан негіздеуге және олардың педагогикалық тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтауға арналған. Футбол техникасы мен тактикалық әрекеттерді меңгеру оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қозғалыс үйлесімділігіне, мотивациялық деңгейіне және оқу-жаттығу жүктемесінің жүйелілігіне тәуелді екені ескерілді. Зерттеу барысында орта буын оқушыларына арналған 12 апталық авторлық оқу-жаттығу бағдарламасы әзірленіп, оған кезеңдендірілген, вариативті және ойындық сипаттағы әдістемелік тәсілдер енгізілді. Бағдарлама техникалық дағдыларды (доп жүргізу, пас беру, допты тоқтату, қақпаға соғу), тактикалық ойлауды, кеңістікті бағдарлауды және негізгі дене сапаларын кешенді дамытуға бағытталды. Педагогикалық эксперимент барысында эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері салыстырылып, ұсынылған әдістемелік тәсілдердің тиімділігі бағаланды. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топта техникалық дәлдік, тактикалық шешім қабылдау жылдамдығы, қимыл-қозғалыс мәдениеті мен дене дайындық деңгейінің айтарлықтай жоғары қарқынмен артқанын көрсетті. Алынған деректер ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдер жүйесінің мектеп жағдайында футбол ойнау дағдыларын кешенді қалыптастыруда және оқушылардың спорттық белсенділігін арттыруда маңызды педагогикалық өлеуетке ие екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: футбол ойнау дағдылары, орта мектеп оқушылары, әдістемелік тәсілдер, техникалық дайындық, шағын құрамды ойындар, дене сапалары.

Ижанов Жомарт, Ахмет Лаура Сматуллаевна, Исаев Абдинаби Исаевич, Рахымжанов Алпамыс,
Баймуханбетов Бағдат

Методика формирования игровых навыков в футболе (на основе материалов обучающихся общеобразовательной школы)

Аннотация. В статье рассматриваются методические подходы к формированию навыков игры в футбол у учащихся средней школы, а также теоретически обосновывается и экспериментально проверяется их педагогическая эффективность. Установлено, что освоение технических и тактических действий в футболе зависит от возрастных особенностей обучающихся, уровня двигательной координации, мотивации и системности учебно-тренировочной нагрузки. В ходе исследования была разработана авторская 12-недельная учебно-тренировочная программа для учащихся среднего звена, основанная на поэтапных, вариативных и игровых методических подходах. Программа была направлена на комплексное развитие технических навыков (ведение мяча, передачи, остановка мяча, удары по воротам), тактического мышления, пространственной ориентировки и основных физических качеств. В процессе педагогического эксперимента были сопоставлены показатели контрольной и экспериментальной групп, что позволило выявить эффективность предложенных методических подходов. Результаты исследования показали, что у учащихся экспериментальной группы наблюдалось более выраженное повышение технической точности, скорости принятия тактических решений, культуры движений и уровня физической подготовленности. Полученные данные подтверждают, что научно обоснованная система методических подходов обладает значительным педагогическим потенциалом для комплексного формирования футбольных навыков и повышения спортивной активности школьников в условиях общеобразовательной школы.

Ключевые слова: навыки игры в футбол, учащиеся средней школы, методические подходы, техническая подготовка, игры в малых составах, физические качества.

Izhanov Zhomart, Akhmet Laura Smatullaevna, Issayev Abdinabi, Rakhymzhanov Alpamys, Baimukhanbetov Bagdat

Methodology for the development of football playing skills (based on materials from general education school students)

Abstract. The article examines methodological approaches to the development of football playing skills among middle school students and provides a theoretical justification and experimental verification of their pedagogical effectiveness. Mastery of technical and tactical actions in football is determined by students' age-related characteristics, motor coordination, motivational level, and the systematic organization of training load. Within the framework of the study, a 12-week author-designed training program for middle school students was developed, based on stage-by-stage, variable, and game-based methodological approaches. The program was aimed at the integrated development of technical skills (dribbling, passing, ball control, shooting), tactical thinking, spatial awareness, and basic physical qualities. During the pedagogical experiment, the performance indicators of the experimental and control groups were compared, which made it possible to assess the effectiveness of the proposed methodological approaches. The results demonstrated that students in the experimental group showed a significantly higher improvement in technical accuracy, speed of tactical decision-making, movement culture, and overall physical fitness. The findings confirm that a scientifically grounded system of methodological approaches has substantial pedagogical potential for the comprehensive development of football skills and for increasing sports activity among students in general education schools.

Key words: football skills, middle school students, methodological approaches, technical training, small-sided games, physical qualities.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде футболды оқыту мен жаттықтыру үдерісі заманауи ғылыми-технологиялық жетістіктерге сүйене отырып жүзеге асырылуда. Оқу-жаттығу практикасында қозғалыс әрекеттерін талдауға арналған деректерді өңдеу жүйелері, биомеханикалық зерттеулер, виртуалды шындық элементтері, сондай-ақ бақылау мен мониторинг жүргізуге бағытталған цифрлық технологиялар кеңінен қолданылуда. Аталған құралдар ойыншылардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін неғұрлым дәл бағалауға, техникалық және функционалдық көрсеткіштерін жан-жақты талдауға, сонымен қатар олардың дайындық деңгейіндегі күшті және әлсіз тұстарын айқындауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқу-жаттығу үдерісін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға жағдай жасалады.

Сонымен қатар, еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің барлығында бірдей жоғары технологиялық жабдықтарды футболды оқыту және жаттықтыру үдерісінде кең көлемде қолдану мүмкіндігі шектеулі. Осыған байланысты футболды оқытудағы маңызды заманауи үрдістердің бірі ретінде оқу-жаттығу үдерісін әдістемелік тұрғыда оңтайландыру, яғни қолжетімді жағдайларда жоғары педагогикалық нәтиже беретін әдістемелік тәсілдерді қолдану қажеттілігі артып отыр. Бұл ретте оқыту үдерісін жекелендіру қағидаты ерекше маңызға ие. Себебі әрбір оқушының жас ерекшелігі, дене дайындығының деңгейі, психологиялық қасиеттері мен мотивациялық бағыттылығы әртүрлі болғандықтан, әмбебап сипаттағы бірізді әдістердің тиімділігі шектеулі болып табылады.

Осы тұрғыда оқу-жаттығу бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың жеке

ерекшеліктерін ескеруге негізделген әдістемелік тәсілдер жүйесін қолдану футбол ойнау дағдыларын мақсатты әрі кезеңді түрде қалыптастыруға, техникалық-тактикалық дайындықты жүйелі жетілдіруге және жасөспірімдердің спорттық әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді. Әдістемелік тәсілдер оқу мазмұнын, жаттығулардың реттілігін, жүктеме көлемін және оқыту формаларын ғылыми тұрғыда негіздеуге бағытталады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практиканың жетістіктеріне сүйене отырып, тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және жетілдіруге бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдайлар жасау екені атап көрсетілген. Сонымен қатар заңда жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дененің әлеуетін дамыту, оның даралығын қалыптастыру арқылы ой-өрісін кеңейту білім беру үдерісінің маңызды бағыты ретінде айқындалған [1]. Осы талаптар аясында спорт саласына, соның ішінде футболды оқыту жүйесіне ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жаңашылдықтарды енгізу қажеттілігі ерекше өзектілікке ие.

Ғылыми деректер мен жарияланымдарды жүйелі талдау футбол ойынының физиологиялық, психологиялық және тактикалық ерекшеліктері туралы жаңа ғылыми тұжырымдар алуға мүмкіндік береді. Ал алынған теориялық нәтижелерді мектеп практикасына енгізу орта мектеп оқушыларының футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын әдістемелік тәсілдерді ғылыми негізде жетілдіруге ықпал етеді.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген) «Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны нақты айқындалған. Аталған стандартта дене шынықтырудың негізгі мақсаты оқушылардың денсаулығын нығайту, негізгі дене сапаларын дамыту, қозғалыс мәдениетін қалыптастыру және қозғалыс тәжірибесін байыту екені көрсетілген. Сонымен қатар білім алушыларды спорттық-сауықтыру іс-әрекеттеріне баулу, базалық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгерту, патриоттық сезім мен рухани-еріктік қасиеттерді тәрбиелеу негізгі бағыттар ретінде белгіленген [2].

Бұл нормативтік талаптар орта мектеп оқушыларында футбол ойнау дағдыларын қалыптастырудың мазмұнын анықтауда әдіснамалық негіз болып табылады және оқу-жаттығу үдерісінде қолданылатын әдістемелік тәсілдердің тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді.

Орта мектеп жасындағы оқушыларда қимыл-қозғалыс үйлесімділігі, кеңістікті бағдарлау қабілеті, ептілік және тактикалық ойлау қарқынды дамидықтан, футболды оқыту үдерісінде ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдерді қолдану ерекше маңызға ие. Бұл тәсілдер оқушылардың техникалық әрекеттерін жетілдірумен қатар, тактикалық ойлауын, шешім қабылдау жылдамдығын және ойын жағдайына бейімделу қабілетін дамытуға бағытталады.

Халықаралық зерттеулерде футболды оқытуда ойындық әдістердің, шағын құрамды ойындардың, кезеңдендірілген жүктеме жүйесінің және ситуациялық тапсырмалардың тиімділігі дәлелденген. Ф.М. Клементе және әріптестері [3] шағын құрамды ойындарды қолдану техникалық, тактикалық және когнитивтік дағдыларды кешенді дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл әдістемелік тәсілдер ойын жағдайына барынша жақын орта қалыптастырып, оқушылардың шешім қабылдау жылдамдығын арттыруға ықпал етеді.

Д.Келли, П. Форд және А.М. Уильямс [4] зерттеулерінде жасөспірім футболшыларда ойын интеллектінің дамуы техникалық әрекеттер мен тактикалық ойлаудың, кеңістікті қабылдау және ситуациялық шешім қабылдау қабілеттерінің бірлігінде жүзеге асатыны көрсетілген. Бұл тұжырымдар футболды оқытуда қолданылатын әдістемелік тәсілдердің кешенді сипатта болуы қажеттігін дәлелдейді.

Е.Адамбековтың еңбектерінде [5] Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту тәжірибесіне талдау жасалып, саланың

дамуын тежейтін бірқатар объективті факторлар анықталған. Автор спорттық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, білікті жаттықтырушылар тапшылығы және ұйымдастырушылық мәселелер футболды оқытудағы әдістемелік жұмыстың сапасына тікелей әсер ететінін атап өтеді. Осыған байланысты ғылыми негізделген, мектеп жағдайына бейімделген әдістемелік тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Жалпы білім беретін мектеп тәжірибесінде футболды оқыту үдерісі көбінесе жекелеген техникалық элементтерді оқшау түрде меңгертумен шектеліп, әдістемелік тәсілдердің жүйелілігі мен сабақтастығы жеткілікті деңгейде сақталмайтыны байқалады. Бұл жағдай оқушылардың футбол ойнау дағдыларын толыққанды қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі орта мектеп оқушыларына арналған футбол ойнау дағдыларын әдістемелік тәсілдер негізінде кешенді қалыптастыру және олардың педагогикалық тиімділігін эксперименттік жолмен дәлелдеу қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу барысында авторлық оқу-жаттығу бағдарламасы әзірленіп, оқушылардың техникалық, тактикалық және дене дайындығының даму динамикасы бақылау және эксперименттік топтарда салыстырылды.

Зерттеудің мақсаты – орта мектеп оқушыларының футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдерді теориялық тұрғыда негіздеу және олардың тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

– орта мектеп оқушыларының футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу-жаттығу мазмұнын айқындау;

– техникалық, тактикалық және дене сапаларын дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді негіздеу және ұсыну;

– әзірленген оқу-жаттығу бағдарламасының тиімділігін эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру арқылы бағалау.

Әдістер мен материалдар.

Зерттеу квази-эксперименттік дизайн негізінде ұйымдастырылып, орта мектеп оқушыларында футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер жүйесінің педагогикалық тиімділігін анықтауды көздеді. Эксперименттік жұмыс барысында дәстүрлі дене шынықтыру сабақтары жүргізілген бақылау тобы мен футболға бағытталған арнайы оқу-жаттығу бағдарламасы енгізілген эксперименттік топтың көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданды.

Зерттеу құрылымы футболды оқытуда қолданылатын әдістемелік тәсілдерді кезеңдік тұрғыда іске асыру логикасына негізделіп, үш негізгі кезеңнен тұрды:

1. Бастапқы диагностика (анықтаушы кезең);
2. Оқу-жаттығу бағдарламасын енгізу (қалыптастыру кезеңі);
3. Қорытынды диагностика (бақылау кезеңі).

Қатысушылар және іріктеме сипаттамасы. Зерттеуге жалпы білім беретін мектептің 5-7-сыныптарында оқитын 45 оқушы ($n = 45$) қатысты. Қатысушылар жасы мен дене дайындығы деңгейі жағынан салыстырмалы болып, екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (ЭТ) – 21 оқушы және бақылау тобы (БТ) – 24 оқушы. Оқушылардың жасы 11-13 жас аралығын құрады. Олардың басым көпшілігі футболдың арнайы спорт мектептеріне қатыспайтын, бастапқы және орта деңгейдегі дайындықтағы білім алушылар болды.

Қосу және алып тастау критерийлері. Қосу критерийлеріне 5-7-сыныпта оқу, дене шынықтыру сабағына медициналық рұқсаттың болуы, ата-анасының (заңды өкілдерінің) жазбаша келісім беруі және сабаққа жүйелі қатысуға мүмкіндік беретін жалпы денсаулық жағдайы енгізілді.

Алып тастау критерийлері ретінде жүрек-қантaмыр, тыныс алу жүйесінің немесе тірек-қимыл аппаратының ауыр созылмалы патологиялары, сабақтардың 25%-дан астамын себепсіз өткізіп алу, диагностикалық материалдардың толық болмауы және дәрігерлік шектеулердің пайда болуы қарастырылды.

Алғашқы іріктемеге 52 оқушы енгізілгенімен, жоғарыда аталған себептерге байланысты 7 оқушы талдаудан шығарылды. Қорытынды статистикалық өңдеу 45 оқушының деректері негізінде жүргізілді.

Этикалық аспектілер. Зерттеу балалармен ғылыми жұмыс жүргізудің этикалық талаптарына сәйкес ұйымдастырылды. Зерттеу бағдарламасы білім беру ұйымының әкімшілігімен келісіліп, барлық қатысушылар мен олардың ата-аналарына зерттеудің мақсаты, мазмұны, жүктеме көлемі және деректердің құпиялылығы жөнінде толық ақпарат берілді. Барлық қатысушылардан жазбаша «хабардар етілген келісім» алынды, ал деректер анонимді түрде өңделді.

Эксперимент жүргізу шарттары. Оқу-жаттығу сабақтары мектептің спорт залында және футбол алаңында өткізілді. Сабақтар аптасына 3 рет, ұзақтығы 40-45 минуттан, жалпы 8-12 апта көлемінде ұйымдастырылды. Эксперименттік және бақылау топтарындағы сабақтар бірдей уақыт аралығында, бірдей санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік жағдайында өткізілді.

Әдістемелік тәсілдерге негізделген оқу-жаттығу бағдарламасының мазмұны

Бақылау тобында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне арналған «Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік бағдарламасы бойынша дәстүрлі сабақтар жүргізілді. Бұл сабақтарда футбол элементтері эпизодтық сипатта ғана қолданылды.

Эксперименттік топта футбол ойнау дағдыларын мақсатты, жүйелі және кезеңдік қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер жүйесіне негізделген авторлық бағдарлама енгізілді. Бағдарлама құрылымында келесі негізгі әдістемелік бағыттар іске асырылды:

1) *Техникалық дағдыларды қалыптастыру тәсілдері:* доп жүргізу, допты қабылдау және тоқтату, қысқа және ұзын пас беру, қақпаға соққы беру, ирек траекториямен қозғалу жаттығулары.

2) *Тактикалық әрекеттерді дамыту тәсілдері:* кеңістікті тиімді пайдалану, серіктеспен өзара әрекет, шағын құрамды ойындар (3×3, 4×4, 5×5), қарапайым ойын комбинацияларын меңгерту.

3) *Дене сапаларын жетілдіру тәсілдері:* жылдамдықты, ептілік пен координацияны, жалпы төзімділікті дамытуға бағытталған жаттығулар.

4) *Ойындық және мотивациялық тәсілдер:* ойын жағдайына негізделген тапсырмалар, жарыс элементтері бар шағын ойындар, командалық өзара қолдау мен бәсекелестікті арттыру.

Сабақ құрылымы келесі реттілікпен жүзеге асырылды:

– 8-10 минут – қыздыру және жалпы дамыту жаттығулары;

– 20-25 минут – техникалық және тактикалық тапсырмалар;

– 10-15 минут – шағын құрамды ойындар;

– 3-5 минут – қалпына келтіру және рефлексия.

Диагностикалық әдістер. Футбол ойнау дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау үшін техникалық, тактикалық және дене көрсеткіштер кешені қолданылды. Қосымша ретінде жүйелі педагогикалық бақылау хаттамалары және бей-нежазбаларды талдау пайдаланылды.

Зерттеу рәсімі мен кезеңдері. Анықтаушы кезеңде бастапқы диагностика жүргізіліп, топтардың салыстырмалылығы тексерілді. Қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топта әдістемелік тәсілдер жүйесіне негізделген авторлық бағдарлама енгізілді, ал бақылау тобында дәстүрлі сабақтар жалғастырылды. Бақылау кезеңінде бастапқы тестілер қайта өткізіліп, топтар арасындағы айырмашылықтар салыстырмалы түрде талданды.

Зерттеу барысында шағын құрамды ойындарға (SSG) негізделген әдістемелік тәсілдер

кеңінен қолданылды. Р.Акино және әріптестерінің [6] зерттеулері бұл тәсілдердің техникалық дәлдік пен шешім қабылдау сапасын арттыруда жоғары тиімділігін дәлелдейді. Осыған сәйкес эксперименттік бағдарламада вариативті тапсырмалар мен кезеңдендірілген жүктеме жүйесі енгізілді.

Алынған сандық деректерді өңдеу үшін сипаттамалық статистика әдістері қолданылды. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер жүйесінің тиімділігі бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін салыстыру арқылы анықталды.

Нәтижелер. Жүргізілген квази-эксперименттік зерттеу деректері орта мектептің 5-7-сынып оқушыларына енгізілген авторлық 12 апталық бағдарламаның (оқыту үдерісін кезеңдендіру, шағын құрамды ойындар, вариативті тапсырмалар, бақылау-рефлексия элементтері) футбол ойнау дағдыларының негізгі құрамдастары - техникалық орындау дәлдігі, тактикалық ойлау және шешім қабылдау, сондай-ақ маңызды дене сапалар динамикасына оң ықпал еткенін көрсетті. Нәтижелер бақылау (дәстүрлі сабақтар) және эксперименттік (футболға бағытталған әдістемелік тәсілдер кешені) топтардың бастапқы, аралық (6 апта)

және қорытынды (12 апта) өлшемдері бойынша салыстырылды.

Эксперименттік топта дағдылардың барлық бағыты бойынша жүйелі ілгерілеу байқалды. Бұл деректер футболды оқытуда ойын жағдайын модельдеуге және шағын алан/шағын құрамды ойындарға сүйенетін тәсілдердің тиімділігін көрсететін зерттеулермен сәйкес келеді. Атап айтқанда, Ф.М. Клементе, Г. Прача, Дж. Рибейро [7] еңбектерінде ойын кеңістігінің шектелуі техникалық әрекеттер жиілігін арттырып, ойынға белсенді қатысу мен шешім қабылдауды жеделдететіні негізделеді. Осы тұрғыда қолданылған әдістемелік тәсілдер (SSG, тапсырмаларды күрделендіру, жүктемені кезеңдеп арттыру) оқу нәтижелерінің өсімін қамтамасыз еткен факторлар ретінде қарастырылды.

1. Техникалық дағдылардың даму көрсеткіштері

Техникалық дайындықты бағалау үшін допты алып жүру жылдамдығы, пас дәлдігі, допты тоқтату сапасы және қақпаға соғу дәлдігі сияқты көрсеткіштер таңдалды. 1-кестеде және 1-суретте эксперименттік және бақылау топтарындағы динамика (бастапқы – 6 апта – 12 апта) берілген.

1 кесте – Техникалық дағдылардың динамикасы (баллмен, n=45)


Көрсеткіш	Өлшем кезеңі	Эксперименттік топ, (n=21)	Бақылау тобы, (n=24)
Допты алып жүру (сек.)	бастапқы	12,8	12,6
	6 апта	11,2	12,1
	12 апта	10,1	11,8
Пас дәлдігі (%)	бастапқы	54%	55%
	6 апта	68%	58%
	12 апта	81%	60%
Допты тоқтату (балл)	бастапқы	2,4	2,3
	6 апта	3,1	2,5
	12 апта	3,9	2,7
Қақпаға соғу дәлдігі (%)	бастапқы	41%	40%
	6 апта	56%	43%
	12 апта	72%	46%

1-кесте деректері эксперименттік топта техникалық көрсеткіштердің айқын жақсарғанын көрсетеді: допты алып жүру уақыты жүйелі қысқарып, пас дәлдігі мен қақпаға соғу дәлдігі

жоғарылаған. Жалпы алғанда, эксперименттік топтағы өсім 25-40% шегінде байқалса, бақылау тобында өзгеріс 5-10% деңгейімен шектелді. Бұл нәтиже техникаға бағытталған жаттығулардың

ойын контекстінде (шағын ойын, қысым жағдайы, кеңістікті шектеу) орындалуы арқылы қозғалыс

дәлдігін тұрақтандыру және қателікті азайту механизмімен түсіндіріледі.



Сурет 1 – Эксперименттік және бақылау тобындағы техникалық дағды көрсеткіштері

1-суретке сәйкес диаграммалық көрініс эксперименттік топта барлық параметрлер бойынша тұрақты өсім бар екенін айқындайды; әсіресе пас дәлдігі мен қақпаға соғу дәлдігі анағұрлым қарқынды артқан.

2. *Тактикалық дағдылардың даму динамикасы*
Тактикалық дайындықты бағалау кезінде


ойын барысында кеңістікті сезіну, шешім қабылдау жылдамдығы және командалық өзара әрекет (ойындық интеллект элементтері) көрсеткіштері қолданылды. 2-кестеде және 2-суретте 5 балдық шкала бойынша бастапқы және 12 апталық қорытынды өлшем нәтижелері көрсетілген.

2 кесте – Тактикалық дағдылардың өзгерісі (балл, 5 балдық шкала)

Тақырып	Өлшем кезеңі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Кеңістікті сезіну	бастапқы	2,1	2,2
	12 апта	3,8	2,5
Шешім қабылдау жылдамдығы	бастапқы	2,4	2,3
	12 апта	4,0	2,6
Командалық өзара әрекет	бастапқы	2,6	2,5
	12 апта	4,2	2,8

2-кесте деректері эксперименттік топта тактикалық көрсеткіштердің 1,5–1,8 баллға артқанын, ал бақылау тобында өсімнің мардымсыз болғанын көрсетеді. Мұндай айырмашылық қолданылған әдістемелік тәсілдердің мазмұнымен байланысты: шағын құрамды ойындарда оқушылар

бір мезетте доппен әрекет, серіктеспен үйлесу, бос аймаққа ашылу, жағдайға сай шешім қабылдау сияқты әрекеттерді қатар орындауға мәжбүр болады. Демек, оқу тапсырмасы тек техниканы жаттатумен шектелмей, ойындық ойлауды іске қосатын педагогикалық жағдай ретінде құрылды.



Сурет 2 – Эксперименттік және бақылау тобындағы тактикалық дағды көрсеткіштері

2-сурет деректері эксперименттік топтың 12 апта ішінде барлық тактикалық параметрлер бойынша жоғары траектория көрсеткенін нақтылайды.

3. Дене сапаларының даму көрсеткіштері Футбол ойнау дағдыларын қалыптастыру

үдерісінде дене дайындығының негізгі үш көрсеткіші - жылдамдық, ептілік және төзімділік қарастырылды. 3-кестеде (3-суретте) бастапқы және 12 апталық қорытынды өлшемдер нәтижелері берілген.

Кесте 3 – Негізгі дене сапаларының динамикасы


Көрсеткіш	Өлшем кезеңі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жылдамдық (30 м, сек.)	Бастапқы	6,4	6,3
	12 апта	5,8	6,2
Ептілік (ары-бері жүгіру тесті)	Бастапқы	17,1	17,0
	12 апта	15,2	16,8
Төзімділік (6 мин. жүгіру, м.)	Бастапқы	850	840
	12 апта	1040	890

3-кесте бойынша эксперименттік топта дене сапалары 17-22% аралығында жақсарған. Бұл өзгерістер бағдарламаның құрылымында қолданылған әдістемелік тәсілдермен (шағын құрамды ойындар арқылы жоғары қозғалыстығыздығын қалыптастыру, тапсырмаларды вариативтендіру, жүктемені кезеңдеп арттыру, белсенді ойындық жаттығулар) сабақтас. Бақылау тобында жалпы ілгерілеу болғанымен, оның қарқыны едәуір төмен деңгейде қалды.

3-суретке сәйкес жылдамдық, ептілік және төзімділік нәтижелері эксперименттік топта айқын жақсару динамикасын көрсетеді.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері төмендегі қорытындыларды негіздейді:

- эксперименттік топ техникалық, тактикалық және дене бағыттарының барлығында айтарлықтай жақсы нәтижелер көрсетті;
- дағдылардың негізгі құрамдастары бойынша тұрақты прогресс қалыптасты;
- бақылау тобында өзгерістер минималды деңгейде қалды;
- қолданылған бағдарламаның әсері педагогикалық тұрғыдан мәнді, нәтижелер айырмашылығы статистикалық тұрғыдан маңызды өзгерістермен сипатталды.



Сурет 3 – Эксперимент және бақылау топтарындағы негізгі дене сапаларының көрсеткіштері

Алынған эксперименттік деректерді интерпретациялау және олардың ғылыми әдебиеттерде келтірілген нәтижелермен сәйкестігін айқындау мақсатында келесі бөлімде талқылау ұсынылады.

Талқылау. Орта сынып оқушыларында футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған 12 апталық авторлық бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері техникалық, тактикалық және дене дайындығы көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Алынған деректер қазіргі спорт педагогикасы, футболды оқыту әдістемесі және жас ерекшелігі теориялары аясында жүргізілген халықаралық ғылыми зерттеулердің қорытындыларымен толық үндеседі.

Зерттеу барысында байқалған оң динамика қолданылған әдістемелік тәсілдер жүйесінің (шағын құрамды ойындар, вариативті тапсырмалар, кезеңдендірілген жүктеме, ойындық рефлексия) тиімділігін дәлелдейді. Бұл тұжырым П. Кунц, Ф.А. Энгель және Д. Меммерт [8] еңбектерінде сипатталған дифференциалды оқыту әдісінің футболшылардың когнитивтік және тактикалық дағдыларын дамытудағы рөлімен сәйкес келеді. Эксперименттік бағдарламада қолданылған вариативті жаттығулар оқушылардың өзгермелі ойын жағдайларына бейімделу қабілетін арттырып, ойын интеллектінің қалыптасуына ықпал етті.

Заманауи технологияларды пайдалану футболды оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды факторы екені ғылыми еңбектерде кеңінен дәлелденген. Ғаламдық позициялау жүйелері (GPS), жүрек соғу жиілігін бақылау құралдары және орындаушылық көрсеткіштерді талдау технологиялары жасөспірімдердің қозғалыс белсенділігі мен физиологиялық жүктеме

деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Дж. Пино-Ортега мен Д. Рохас-Вальверде [9] зерттеулері бұл құралдардың жаттығу үдерісін жекелендіруге, жүктемені оңтайландыруға және оқу-жаттығу тиімділігін арттыруға жағдай жасайтынын көрсетеді. Алайда жалпы білім беретін мектеп жағдайында мұндай технологиялардың қолжетімділігі шектеулі болғандықтан, зерттеуде құрал-жабдықты көп қажет етпейтін, педагогикалық тұрғыдан негізделген әдістемелік тәсілдерге басымдық берілді.

Футболды оқытуда алаң өлшемдерінің өзгеруі техникалық әрекеттердің жиілігі мен қарқындылығына тікелей әсер ететіні анықталған. Ф.М. Клементе және әріптестері [10] кіші көлемді алаңдарда өткізілетін шағын құрамды ойындар барысында ойыншылардың допқа жиі жанасатынын, техникалық әрекеттер санының артатынын және жоғары қарқындылықтағы қозғалыс үлесінің ұлғаятынын дәлелдейді. Бұл деректер зерттеу нәтижелерінде тіркелген техникалық көрсеткіштердің (пас дәлдігі, қақпаға соғу дәлдігі, допты алып жүру жылдамдығы) айтарлықтай жақсаруын түсіндіреді.

Жаттығу жүктемесін жүйелі бақылау жасөспірімдер спортындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Дж. Брито және әріптестері [11] оқу жүктемесін бақылау әдістерін қолдану артық жүктеменің алдын алып, жарақат алу қаупін төмендететінін көрсеткен. Бұл зерттеуде жүктеменің көлемі мен қарқындылығы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес кезеңдеп реттеліп, функционалдық бейімделуді қамтамасыз етуге бағытталды.

Жас футболшылардың ойын барысындағы шешім қабылдау қабілеті олардың перцептивтік-когнитивтік дағдыларының даму деңгейімен тығыз байланысты. Д. Харпер және әріптестері [12] қабылдау, ақпаратты өңдеу және тактикалық ойлау қабілеттері жоғары дамыған спортшылардың ойын жағдайында тиімді әрі жылдам шешім қабылдайтынын анықтаған. Эксперименттік топта кеңістікті сезіну мен шешім қабылдау көрсеткіштерінің айқын артуы осы тұжырымдарды нақтылайды.

Шағын құрамды ойындар форматын қолдану барысында тактикалық үрдістердің жүзеге асуы және олардың ойын интеллектін қалыптастырудағы рөлі ерекше мәнге ие. М.Батиста және әріптестері [13] шағын құрамды ойындарда кеңістікті пайдалану, серіктеспен өзара әрекет және тактикалық шешім қабылдау дағдыларының белсенді дамитынын дәлелдеген. Бұл нәтижелер зерттеу барысында алынған деректермен толық сәйкес келеді.

1. Техникалық дағдылардың айтарлықтай жақсаруы

Эксперименттік топта допты алып жүру, пас дәлдігі, допты тоқтату және қақпаға соғу көрсеткіштерінің 25-40% аралығында өсуі шағын құрамды ойындардың, вариативті техникалық жаттығулардың және кезеңдеп үйрету моделінің тиімділігін дәлелдейді. Бұл:

- доппен жанасу жиілігінің артуы;
- техникалық әрекеттердің автоматтануы;
- динамикалық қозғалыс жағдайында моторлық үйренудің күшеюі арқылы түсіндіріледі.

Бақылау тобындағы прогрестің төмен болуы (5-10%) дәстүрлі әдістердің шектеулігін көрсетеді.

2. Тактикалық интеллект пен ойындық шешім қабылдаудың жақсаруы

Эксперименттік топта кеңістікті сезіну мен шешім қабылдаудың 1,5-1,8 баллға артуы ойын интеллектін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдердің тиімділігін дәлелдейді. Тар алаңда ойын жүргізу жағдайында оқушылардан жылдам ақпараттық талдау мен шешім қабылдау талап етіледі, бұл когнитивтік дамуды жеделдетеді.

3. Дене сапаларының жақсаруы

Жылдамдық, ептілік және төзімділік көрсеткіштерінің 17-22% аралығында өсуі кезеңдендірілген жүктеме моделінің дұрыстығын айқындайды. Ептілік тесттеріндегі көрсеткіштердің жақсаруы моторлық үйлесімділік пен қимыл жылдамдығының артқанын көрсетеді.

4. Эксперименттік бағдарламаның педагогикалық құндылығы

Бағдарламаның тиімділігі төмендегі факторлар синергиясымен қамтамасыз етілді:

- үздіксіз ойындық мотивация;
- шағын ойындар арқылы тактикалық үйрену;
- жас ерекшелігіне сай жүктеме;
- техникалық әрекеттердің деңгейлік қайталануы;
- рефлексия және жедел кері байланыс.

5. Бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылық себептері

Футбол ойнау дағдылары ойын контекстінде, кешенді әдістемелік тәсілдер жүйесі арқылы тиімді қалыптасатынын анықталды. Бақылау тобында фронтальды жаттығулардың басым болуы, ойын жағдайларының аздығы және оқушы белсенділігінің төмендігі нәтижелерге кері әсер етті.

6. Зерттеудің педагогикалық және практикалық мәні

Зерттеу авторлық бағдарламаның ғылыми негізделгенін, мектеп жағдайында қолдануға жарамды екенін және дене тәрбиесі пәнін жаңғыртуда әдістемелік олқылықтарды толықтыра алатынын көрсетті.

7. Зерттеу шектеулері мен болашақ бағыттар

Болашақ зерттеулерде іріктеме көлемін арттыру, нейро-когнитивтік тесттерді енгізу және цифрлық тренажерларды пайдалану ұсынылады.

Осылайша, талқылау нәтижелері авторлық бағдарлама 12 апта ішінде орта сынып оқушыларының футбол ойнау дағдыларын жан-жақты, кешенді және статистикалық тұрғыда маңызды деңгейде жақсартқанын дәлелдейді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері орта мектеп оқушыларында футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер жүйесінің тиімділігін ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеді. Авторлық 12 апталық оқу-жаттығу бағдарламасын енгізу барысында эксперименттік топ оқушыларының техникалық әрекеттерді орындау сапасы, тактикалық ойлау деңгейі, кеңістікті бағдарлау қабілеті және негізгі дене сапаларының даму көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары қарқынмен артқаны анықталды. Бұл деректер мектеп жағдайында футболды оқытуда дәстүрлі тәсілдермен қатар жаңартылған, ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдерді қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер қойылған мақсатқа толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, орта мектеп оқушыларында футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға

бағытталған әдістемелік тәсілдерді теориялық тұрғыдан негіздеу және олардың тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру міндеті табысты орындалды. Авторлық бағдарлама техникалық, тактикалық және дене дайындығын кешенді дамытуға бағытталған әдістемелік ықпалдардың нәтижелілігін эмпирикалық түрде растады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері алға қойылған міндеттердің толық орындалғанын көрсетеді. Атап айтқанда:

1. Орта мектеп оқушыларының футбол ойнау дағдыларын қалыптастыруға арналған оқу-жаттығу мазмұны әзірленіп, оның кезеңдендірілген құрылымы мен сабақтастығы әдістемелік тұрғыдан негізделді.

2. Оқушылардың техникалық, тактикалық және дене сапаларын дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдер жүйесі жобаланып, оқу үдерісіне енгізілді; бұл тәсілдер ойындық, вариативті және жекелендірілген тапсырмалар арқылы іске асырылды.

3. Ұсынылған әдістемелік тәсілдердің педагогикалық тиімділігі эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы талдау арқылы дәлелденді.

Осылайша, әзірленген әдістемелік тәсілдер жүйесі футбол ойнау дағдыларын мектеп жағдайында кешенді әрі мақсатты қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралы ретінде сипатталады. Бағдарламаны дене шынықтыру сабақтарында, сыныптан тыс спорттық іс-шараларда және мектеп футбол секцияларында жүйелі қолдану оқушылардың қимыл-қозғалыс мәдениетін жетілдіруге, спорттық мотивациясын арттыруға, функционалдық дайындығын нығайтуға және дене тәрбиесі үдерісінің жалпы сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері орта мектептегі футболды оқыту тәжірибесін жетілдіруге, дене тәрбиесі пәнінің мазмұнын жаңғыртуға және жасөспірімдердің дене және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда (қаралған күні 15.09.2025).
- 2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
- 3 Clemente F.M., Afonso J., Sarmiento H. Small-sided games in soccer: A systematic review // *Human Movement*. – 2021. - Vol. 22(4). - pp. 1-12.
- 4 Kelly D., Ford P., Williams A.M. Skill acquisition and game intelligence development in adolescent soccer players // *Journal of Expertise*. – 2023. – Vol. 6. - № 2. – pp. 110–128.
- 5 Адамбеков Е.К. Детско-юношеский футбол в Казахстане: современное состояние и тенденции развития // *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі*. – 2023. - №2(72). - Б.140-144. - DOI: 10.48114/2306-5540_2023_2_140.
- 6 Aquino R., Camões M., Filho J. Effects of small-sided games vs. conventional training on physical and technical performance in youth soccer players // *Journal of Sports Sciences*. – 2021. – Vol. 39. - №7. – pp. 808–816.
- 7 Clemente F.M., Praça G., Ribeiro J. The influence of pitch size on technical actions during small-sided football games in youth athletes // *Journal of Physical Education and Sport*. – 2024. – Vol. 24. - №1. – pp. 112–120.
- 8 Kunz P., Engel F. A., Memmert D. Cognitive and tactical skill development in youth soccer: Effects of differential learning // *International Journal of Sports Science & Coaching*. – 2023. – Vol. 18. - №1. – pp. 45–57.
- 9 Pino-Ortega J., Rojas-Valverde D. Use of technology to enhance football training efficiency in adolescents // *Sensors*. – 2023. – Vol. 23, No. 2. – Art. 778.
- 10 Clemente F.M., Praça G., Ribeiro J. The influence of pitch size on technical actions during small-sided football games in youth athletes // *Journal of Physical Education and Sport*. – 2024. – Vol. 24. - № 1. – pp. 112–120.
- 11 Brito Á., Freitas L. Decoding the influence of Field Surface, Tactical Positioning, and Field Zone on Tactical Networks in Youth Football // *Journal of Human Sport and Exercise*. – 2025. - №20(2), - pp. 446-458.
- 12 Harper D., Wilson M.R., Vine S.J. Perceptual-cognitive skills and decision-making in youth football players: A developmental perspective // *Psychology of Sport and Exercise*. – 2022. – Vol. 63. – Art.102263.
- 13 Teoldo I., Mezzadri E., Cardoso F., Machado G. Speed of decision-making as a key element for professional and academy soccer players' performances // *Retos*. – 2023. - №50. - pp. 1195-1203.

References

- 1 Қазақстан Республикасының «Bilim turaly» Zaңy. 27.07.2007 zh., №319-III QRZ. Astana. Aqorda (qaralğan күni 15.09.2025).
- 2 Mektepke dejingi tərbiye men oqytudıñ, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tekhnikalıq zhəne kəsiptik, orta bilimnen kejingi bilim berudiñ memlekettik zhalpyға mindetti standartary. Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministriniñ 2022 zhylyғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

- 3 Clemente F.M., Afonso J., Sarmento H. Small-sided games in soccer: A systematic review // *Human Movement*. – 2021. - Vol. 22(4). - pp. 1-12.
- 4 Kelly D., Ford P., Williams A.M. Skill acquisition and game intelligence development in adolescent soccer players // *Journal of Expertise*. – 2023. – Vol. 6. - № 2. – pp. 110–128.
- 5 Adambekov E.K. Detsko-yunosheskij futbol v Kazahstane: sovremennoe sostoyanie i tendencii razvitiya // *Dene tәrbiesiniң teoriyası men әdistemesi*. – 2023. - №2(72). - B.140-144. - DOI: 10.48114/2306-5540_2023_2_140.
- 6 Aquino R., Camões M., Filho J. Effects of small-sided games vs. conventional training on physical and technical performance in youth soccer players // *Journal of Sports Sciences*. – 2021. – Vol. 39. - №7. – pp. 808–816.
- 7 Clemente F.M., Praça, G., Ribeiro, J. The influence of pitch size on technical actions during small-sided football games in youth athletes // *Journal of Physical Education and Sport*. – 2024. – Vol. 24. - №1. – pp. 112–120.
- 8 Kunz P., Engel F. A., Memmert D. Cognitive and tactical skill development in youth soccer: Effects of differential learning // *International Journal of Sports Science & Coaching*. – 2023. – Vol. 18. - №1. – pp. 45–57.
- 9 Pino-Ortega J., Rojas-Valverde D. Use of technology to enhance football training efficiency in adolescents // *Sensors*. – 2023. – Vol. 23, No. 2. – Art. 778.
- 10 Clemente F.M., Praça G., Ribeiro J. The influence of pitch size on technical actions during small-sided football games in youth athletes // *Journal of Physical Education and Sport*. – 2024. – Vol. 24. - №. 1. – pp. 112–120.
- 11 Brito Á., Freitas L. Decoding the influence of Field Surface, Tactical Positioning, and Field Zone on Tactical Networks in Youth Football // *Journal of Human Sport and Exercise*. – 2025. - №20(2), - pp. 446-458.
- 12 Harper D., Wilson M.R., Vine S.J. Perceptual-cognitive skills and decision-making in youth football players: A developmental perspective // *Psychology of Sport and Exercise*. – 2022. – Vol. 63. – Art.102263.
- 13 Teoldo I., Mezzadri E., Cardoso F., Machado G. Speed of decision-making as a key element for professional and academy soccer players' performances // *Retos*. – 2023. - №50. - pp. 1195-1203.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ // ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРАХ // INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

«Бірінші автор

Ижанов Жомарт – 2-курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

«Первый автор

Ижанов Жомарт – PhD докторант 2-курса, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

«The First Author

Izhanov Zhomart – PhD 2nd year doctoral student, Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

e-mail: zhomart_izhanov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3872-9862>

Ахмет Лаура Сматуллақызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ, Қазақстан.

Ахмет Лаура Сматуллаевна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Центрально Азиатский инновационный университет, кандидат педагогических наук, старший преподаватель. г. Шымкент, Казахстан.

Akhmet Laura Smatullaevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecture, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan.

e-mail: laura_smatullaevna@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0653-0216>

Исаев Абдинаби Исаұлы – PhD, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ, Қазақстан.

Исаев Абдинаби Исаевич – PhD, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан.

Abdinabi Issayev – PhD, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: Abdi.kz.2014@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1850-6961>

Рахымжанов Алпамыс – PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Рахымжанов Алпамыс – PhD, старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

Rakhymzhanov Alpamys – PhD, senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: alpamys.rakhymzhanov@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7261-8641>

«Хат-хабарларға арналған автор

Баймұханбетов Бағдат – PhD, профессор м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Автор для корреспонденции

Баймуханбетов Багдат – PhD, и.о. профессора, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

The Author for Correspondence

Baimukhanbetov Bagdat – PhD, Ass. Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: bagdat.baimukhanbetov@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5153-1088>

Мақала түскен күні: 27.12.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 20.01.2026